

**«Technodom» сайтынан немесе мобильді қосымшасынан тауар алған кезде
«Алғашқы тапсырысқа 10% кэшбэк» акциясын өткізу шарттары.**

1. **Акция ұйымдастырушысы:** «Технодом Оператор» АҚ
2. **Акция өтетін орын:** technodom.kz интернет-дүкені немесе «Technodom» мобильді қосымшасы арқылы тапсырыс рәсімделгенде
Қатысушылар: Қазақстан Республикасында тұратын, жасы 18-ге толған жеке тұлғалар, алғаш рет интернет-дүкенде немесе мобильді қосымшада тек жеке, отбасы, тұрмыстық немесе кәсіпкерлік емес мақсатта тауар сатып алатындар (бұдан әрі — Сатып алушы)
3. **Акция мерзімі:** акция мерзімсіз, бірақ Ұйымдастырушы шешімімен ұзартылуы немесе мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін
4. Сатып алушы бірінші тапсырысын жасаған жағдайда, тапсырыс үшін төленген сомаға (7.2.1-тармақта көрсетілген ерекшелік тауарлардың құнын қоспағанда) 10% көлемінде кэшбэк есептеледі.
5. **Кэшбэк беру шарттары:**
 - 7.1. **Кэшбэк беріледі:**
 - 7.1.1. Кэшбэк тек акция кезеңінде және «Technodom» интернет-дүкені немесе мобильді қосымша арқылы тапсырыс бергенде ғана беріледі
 - 7.2. **Кэшбэк берілмейді,**
 - 7.2.1. Кэшбэк техниканы орнату/жөндеу қызметтеріне, сондай-ақ сыйлық карталарына берілмейді. Акцияға қатысатын тауарлар тізімін Ұйымдастырушы өзі анықтайды және оны өзгертуге құқылы.
 - 7.2.2. Егер тауар кредит немесе бөліп төлеу арқылы сатып алынса — кэшбэк берілмейді.
 - 7.2.3. Бір тапсырыста бірдей тауардың 4 (төрт) данасынан артық алынған жағдайда — кэшбэк есептелмейді.
 - 7.2.4. Егер тауар «Trade-In» жүйесімен сатып алынса — кэшбэк берілмейді.
 - 7.2.5. Егер тауар промокод арқылы жеңілдікпен сатып алынса — кэшбэк берілмейді.
 - 7.2.6. Акцияға Apple тауарлары қатыспайды

6. Жеке деректер:

- 9.1. Акцияға қатысушы өз атынан, ерікті түрде және дербес әрекет етеді. Ол акцияға қатысуымен байланысты барлық жауапкершілік пен ықтимал салдарға қатысты тәуекелдерді өз мойнына алады.
- 9.2. Акцияға қатыса отырып, әрбір қатысушы осы Акция ережелерімен таныс екенін және олармен толық келісетінін растайды, сондай-ақ оларды сақтауға міндеттенеді.
- 9.3. Акцияға қатыса отырып, қатысушы ұйымдастырушының тауарларына қатысты ақпарат алуға келісім береді. Ұйымдастырушы қатысушыға кез келген ақпаратты жеке хабарлама арқылы алдын ала келісімсіз жіберуге құқылы.
- 9.4. Акцияға қатысу фактісі қатысушылардың осы Акцияны өткізу барысында белгілі болған жеке деректерін ұйымдастырушы және/немесе оның атынан әрекет ететін үшінші тұлғалар жарнамалық мақсатта, ешқандай сыйақы немесе өтемақы төлемей және мерзіммен шектелмей пайдалануына келісім білдіргенін білдіреді.

Басқа шарттары

- 10.1. Акцияны ұйымдастырушы осы Ережелерге кез келген өзгерістер мен/немесе толықтырулар енгізе алады. Бұған, бірақ тек бұлармен шектелмей: Акцияның қолданылу мерзімін өзгерту, Тауар тізімін жаңарту, Кэшбэк алу шарттарын және Акцияның өзге де шарттарын өзгерту кіреді.
- 10.2. Ұйымдастырушы өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ Акцияға қатысуға байланысты туындаған қатысушының тікелей немесе жанама шығындары үшін жауапкершілікке тартылмайды. Бұл жағдайлар жүйедегі

ақаулардың, үшінші тұлғалардың адал емес әрекеттерінің, дұрыс толтырылмаған деректердің немесе тосын жағдайлардың (форс-мажор) салдарынан туындаған болса, ұйымдастырушы жауап бермейді.

10.3. Стандартты бонус мерзімі — 180 күнтізбелік күн, ал Black статусы бар қатысушылар үшін — Black мәртебесінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін.

10.4. Бонустар сатып алынған күннен кейінгі 15-күні қолжетімді болады. Бонустарды интернет-дүкенде, мобильді қосымшада, бөлшек сауда дүкендерінде немесе 1717 Байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы сатып алу кезінде қолдануға болады.

10.5. Акция ережелері және оларға енгізілген өзгерістер www.technodom.kz сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.